

Тақырып 12. Инфляция және жұмыссыздық экономикалық тұрақсыздықтың көрінісі

1. Инфляция түсінігі және түрлері

2. Жұмыссыздық түсінігі және түрлері

3. Жұмыссыздықтың әлеуметтік-экономикалық салдары

4. Қазақстан Республикасындағы жұмыспен қамту саясаты

1. Инфляция түсінігі және түрлері

Инфляция жағдайында ақшаның сатып алу қабілетінің төмендеуіне және тауарлар мен қызметтер бағаларының өсуіне әкеледі.

Инфляция адамзат тарихында жаңа құбылыс емес:

- 1775-1783 жылдары Солтүстік Америкада тәуелсіздік үшін болған соғыс доллардың құнсыздануына әкеліп соқтырды;

- Франция 1789-1794 жж. революция кезінде ақша 7 жылда 883 есе құнсызданды.

Инфляция - қағаз ақшаның құнсыздануына байланысты болатын әлеуметтік-экономикалық құбылыстар жиынтығы, басқаша айтқанда айналымдағы ақша массасының нақты ұсынылған тауар санынан артып кетуі.

Шетелде нарықта болатын инфляциялық тепе-теңдік формаларына байланысты инфляцияны ашық және басылыңқы түрге бөледі.

- *Ашық* инфляция еркін баға құрылымы экономикасына тән және тауар мен қызмет көрсетуге үнемі бағаның өсуін байқатады.

- *Басылыңқы* (жасырын) инфляция - бағаны реттейтін экономикаға тән, яғни жалпы мемлекеттің бағаны бақылауымен жүзеге асатын инфляция.

Ашық инфляция өз кезегінде бірнеше формаға бөлінеді:

- *Сұраныс инфляциясы* - ол жұмыспен толық қамту жағдайында пайда болады, ақшамен қамтамасыз етілген сұраныс тауар бағасының өсуін тудырады. Қолда ақша көп мөлшерде, ал тауардың көлемі өте аз деп сипаттауға болады.

- *Шығын* (ұсыныс) *инфляциясы* - ол өндіріс факторлары қымбаттаған жағдайда пайда болады. Бұл жағдайда өндіріс шығындарының өсуі өнім бағасының өсуіне әкеледі.

- *Құрылымдық инфляция* - ол саларалық баланстың бұзылу жағдайында туады. Бір сала нарықты толық қанағаттандыра алмағандықтан бұл саладағы тапшылық тауарлардың қымбаттауына әкеледі.

Болжау арқылы инфляция бөлінеді:

- *Күткен инфляция* - ол болжамдалынған инфляция.

- *Күтпеген инфляция* - ол кенеттен тосын пайда болады, бағалардың кенеттен күрт өсіп кетуі.

Бағаның өсу қарқыны тұрғысынан инфляцияны төмендегідей түрге бөлуге болады:

- *Баяу инфляция*. Бұл инфляция кезінде бағалар баяу (жылына 10% аз) өседі. Шетел ғалымдарының ойынша, баяу инфляция экономикаға оң әсерін тигізеді, күрделі қаржының өсуіне ықпал етіп, жұмыссыздықтың деңгейін төмендетеді.

- *Қарқынды инфляция*. Бұл инфляция кезінде баға жылдам (жылына 20-дан 200% дейін) өседі.

- *Ұшқыр инфляция*. Бұл инфляция кезінде айналымдағы ақшаның саны мен баға өте күрт жылдамдықпен (500-1000%-дейін) өседі. баға мен жалқының арасы алшақтап бай адамдардың да тұрмыс жағдайы қиындай бастайды.

Инфляция деңгейі баға индексі көмегімен өлшенеді. Ағым кезіндегі тұтыну баға индексінен өткен кезеңдегі тұтыну баға индексі алынып, өткен кезеңдегі тұтыну баға индексіне бөлінеді.

Баға индексі = $\frac{\text{ағым кезіндегі тұтыну баға индексі}}{\text{өткен кезеңдегі тұтыну баға индексі}}$

Инфляция кешенді себептерден туындайды, олардың ең маңыздысы мыналар болып табылады:

- Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы, яғни шығындардың түсімдерден асып жатуы.

- Тауарлар мен қызмет өндіру көлемінің қысқаруы, тауар тапшылығы.

- Кейбір өндірушілердің монополиялық жағдайда болуы, яғни олардың өзінің өніміне жоғары баға қою.

- Өндіріс шығындарының өсуі.

- Елдің экономикасының ашықтығы, оның әлемдік байланыстарының өсуі инфляцияны шеттен әкелу қаупін молайтады.

Инфляцияның экономикалық және әлеуметтік зардаптары:

1. Елдің ұлттық табысы мен байлығы қоғамның әр түрлі топтарының арасында қайта бөліске түседі.

2. Инфляцияның жоғары қарқынмен өсуі ұзақ мерзімге жоспар жасауды қиын жолға қояды, кәсіпкерлердің тәуекелін өсіреді.

3. Қоғамның саяси тұрақтылығы бұзылады, әлеуметтік шиеленісті күшейте түседі.

4. Ұлттық тауарлардың бәсеке қабілеттілігі төмендейді, экспорт азаяды, жұмыссыздық өседі.

5. Шетелдің тұрақты валютасына сұраныс өседі, ол капиталдың шет елге ауысуына әкеледі.

Инфляцияға қарсы саясат деген бұл инфляцияны төмендетуге бағытталған мемлекеттік реттеу құралдарының жиынтығы. XX ғ. 60 жылдарынан бастап бағаны тікелей және жанама түрде реттеу мақсатымен барлық экономикаға ортақ шаралар қолданыла бастады.

Тікелей реттеу табыстар саясаты шеңберінде жүргізілді.

Табыстар саясатын екі бағытқа бөлуге болады: жалақы мен бағалардың өсу нысандарын белгілеу және осыларға тікелей бақылау жүргізу.

Бақылауға заң актілерінің күші тән болады. Жалақы ставкаларының өзгерістері әдетте барлық экономикадағы еңбек өнімділігінің өсу қарқынымен байланысты болады; бағалардың өзгерістері еңбекақыға жұмсалған шығындардың өзгерістерін өтеу үшін жүргізіледі.

Бағаға ықпал жасаудың жанама әдістеріне монетарлық және фискалдық саясаттың шаралары жатады.

- мемлекет фискалдық саясат әдістер арқылы жиынтық сұранысты азайтуға тырысады (мемлекеттік сатып алуға және инвестицияларға шек қойып);

- Ақша несие саясатын жүргізу (ашық нарықта операция жүргізу, банк пайызын және резервтік норманы өзгерту арқылы).

2. Жұмыссыздық түсінігі және түрлері

Жұмыссыздық - еңбек нарығының біртұтас элементі болып табылады.

Мальтузиандық мектептің ірі өкілі Т. Р. Мальтус жұмыссыздықтың пайда болуын халық санының артып кетуімен байланыстырды. Халықтың саны геометриялық прогрессиямен өседі, ал өмір сүру жабдықтар тек арифметикалық прогрессиямен өседі. Сондықтан тұрғындардың жоғары қарқынмен өсуі жұмыссыздықтың себебі болып табылады.

Батыс мектептің өкілдері жұмыссыздықты жұмысшының еркін таңдауы деп есептеді. А. Пигу жұмысшылар шектен тыс жоғары жалақыны талап етеді, сондықтан жұмыс күшіне сұраныс төмендейді.


Кейнстік мектеп жұмыссыздықты тауарға сұраныстың төлем қабілеттілігінің жеткіліксіздігімен және жалақының жоғары деңгейімен түсіндіреді. Жұмыссыздықтың болуы жиынтық сұраныстың жеткіліксіз болуымен байланысты, яғни жұмыссыздықтың төмендеуіне жиынтық сұраныстың өсуі және жиынтық сұраныстың құрылымы әсер етеді.

Монетарлық теорияны жақтаушылар жұмыссыздықтың себебі мемлекеттің ақша саясатын дұрыс жүргізбеуінде деп түсіндіреді. Ақша массасын дұрыс басқара отырып өндіріс процессін реттеуге болады.

Жұмыссыздық пен инфляцияның өсу қарқыны арасында тұрақты өзара байланыс болады. Экономикалық теорияда бұл құбылыс *Филлипс қисық* сызығы деп аталады. А.Филлипс 1881-1957 жж. арасындағы Ұлыбританиядағы жұмыссыздық деңгейі мен жалақының ақшалай мөлшерінің арасындағы тәуелділіктің қи-сық сызығын тұрғызған.

Филлипс қисық сызығы экономикадағы жұмыссыздық пен инфляция деңгейінің өзара өзгеруін көрсетеді. Халықтың жұмысбастылығы қаншалықты жоғары болса, соншалықты олардың табысы жоғары болатындықтан жұмыссыздықтың азаюы құнсыздандудың өсуіне әкеліп соғады.

Мұның мағынасы: Жоғары жұмыссыздық жағдайында инфляция төмен болатынын білдіреді және керісінше, жұмыссыздықтың азаюы жиынтық сұранысты арттырады, бағаның өсуіне итермелейді. Басқаша айтқанда, төмен жалақы жағдайында жұмыссыздық өсуі, керісінше жалақы өскен сайын жұмыссыздық азаяды.



1-сызба. Филлипс қисығы

Жұмыссыздық – бұл жұмыс күшіне деген сұраныс пен оның ұсынысының арасындағы айырмашылықтан туындайтын нәтиже. Экономикада жұмыс күші жұмыспен қамтылған және жұмыспен қамтылмаған (жұмыссыздардан) құралады. Жұмыссыздықтың деңгейі жұмыссыздар санының қоғамдағы барлық жұмыс күшіне қатынасымен анықталады. (% пен есептеледі)

Жұмыссыздықтың негізгі формалары:

Жасырын жұмыссыздық - өндірісте артық жұмысшылардың қолданылуы, немесе ақпараттың болмауына байланысты.

Фрикциондық жұмыссыздық – адамдар бір жұмыстан басқа жұмысқа, бір жерден басқа жерге жұмыс іздеумен ауысуын айтады.

Құрылымдық жұмыссыздық - өндірістік қуаттың жетпеуінің нәтижесінде туындайды: жеке саланың дамуының кері пропорциональды болуынан және ескі саланы жабу мен жаңа саланы дамытудың нәтижесі ретінде қарауға болады, сондай-ақ жынысының, жасының, ұлтының, мамандығының, басқа да жеке қасиеттерінің ерекшеліктеріне байланысты болады.

Циклдық жұмыссыздық - өндірістің құлдырауынан туындайды.

Батыс елдерінің мамандары жұмыссыздықты екі топқа бөледі:

жиынтық сұраныстың жетіспеуіне байланысты; мысалы *циклдық* жұмыссыздық;
жиынтық сұраныстың өзгеруіне байланысты; мысалы *фрикциондық*,
құрылымдық жұмыссыздық.

Толық жұмысбастылық кезінде жұмыссыздықтың деңгейі фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздық қосындысына тең. Ол *жұмыссыздықтың табиғи деңгейі* деп аталады.

Жұмыспен толық қамту жағдайындағы қарқынды инфляцияға әкеліп соқпайтын жұмыссыздықтың ең төменгі дәрежедегі нормасын жұмыссыздықтың табиғи деңгейі деп аталады. Егерде жұмыссыздықтың нақты деңгейі табиғи деңгейден артып кетсе, онда бұл жағдай жалпы ұлттық өнімнің азаюына әкеледі.

Жұмыссыздықтың зардаптары:

1. *Жұмыссыздық* (циклдық) жағдайында - өндіріс мүмкіншілігін толық пайдаланбағандықтан ұлттық байлықтың азаюына келеді. Бұл жағдайда:

- халықтың сатып алу қабілеті төмендейді,
- қазына – қор қысқарады,
- инвестицияға сұраныс қысқарады,
- өндіріс құлдырайды.

2. *Ұзақ мерзімде болатын жұмыссыздық* жағдайында жұмыссыз адамдардың біліктілігі жоғалады.

3. *Жұмыссыздықтың* өсуі қоғамда қылмысты істердің өсуіне және халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне әкеледі.

Кез келген жұмыссыздықтың деңгейімен байланысты болатын экономикалық зиянды анықтау үшін **Оукен заңы** қолданылады - жұмыссыздық деңгейі мен жалпы ұлттық өнім көлемінің төмендеуі арасындағы байланысты көрсетеді.

Еңбек нарығын мемлекеттің реттеуі:

- Жаңа жұмыс орнын құру және еңбек биржасы арқылы жұмыссыз адамдарға басқа жаңа мамандықтарды игеруге біліктілікті көтеруге көмектесу.

- Икемді еңбек нарығын ұйымдастыруға қолдау жасау және барлық әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін ескере отырып толық есепке енгізу.

- Еңбек қатынастарын заңдылық құқылық нормалармен қамтамасыз ету.

- Жұмыссыздарға әлеуметтік қорғау жасау.

3. Жұмыссыздықтың әлеуметтік-экономикалық салдары

Кері әсерлер:

1. Криминогенді жағдайдың өршуі

2. әлеуметтік кернеудің өршуі

3. физикалық және психологиялық аурулардың көбеюі

4. әлеуметтік дифференцияның өсуі

5. еңбек белсенділігінің төмендеуі

Пайдалы әсері:

1. Жұмыс орнының әлеуметтік маңызының артуы

2. Өз бос уақытының көбеюі

3. Жұмыс орнын таңдаудағы еркіндік

4. Әлеуметтің мән мен еңбек құндылығының артуы

Экономикалық салдарлар:

Кері әсерлер:	Пайдалы әсері:
<ol style="list-style-type: none">1. Алған білімнің құндылығын жоюы2. Өндірістің төмендеуі3. Жұмыссыздарға көмек шығындары4. Квалификациясын жоғалту5. Өмір сүру деңгейінің төмендеуі6. Ұлттық табыстың төмендеуі7. Салықтың аз жиналуы	<ol style="list-style-type: none">1. Экономиканы қайта жарақтауға жұмыс күшінің резервін жасақтау2. Еңбекке бейімділігін өсіру мақсатында жұмысшылар арасында конкуренция3. Білімін жоғарылату үшін уақыт4. Еңбек өнімділігі мен өндіріс интенсивтілігі жоғарылауы

Жұмыссыздықтың зардаптары:

- Жұмыссыздық (циклдық) жағдайында - өндіріс мүмкіншілігін толық пайдаланбағандықтан ұлттық байлықтың азаюына келеді. Бұл жағдайда:

- халықтың сатып алу қабілеті төмендейді,
- қазына – қор қысқарады,
- инвестицияға сұраныс қысқарады,
- өндіріс құлдырайды.
- Ұзақ мерзімде болатын жұмыссыздық жағдайында жұмыссыз адамдардың біліктілігі жоғалады.
- Жұмыссыздықтың өсуі қоғамда қылмысты істердің өсуіне және халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне әкеледі.